

Алматы облысы Алатау қаласының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Алматы облысы Алатау қалалық әкімдігінің 2024 жылғы 24 қыркүйектегі № 23 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 1 қазанда № 6171-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына сәйкес, Алатау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы облысы Алатау қаласының аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Алматы облысы Алатау қаласының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алатау қаласының әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Утепов

Алатау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы
24 қыркүйектегі № 23 қаулысына
қосымша

Алматы облысы Алатау қаласының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Елді мекеннің атауы	Орналастыру үшін орындар
1	Алатау қаласы	Жетіген шағын ауданы, Ж. Құдайбергенов көшесі, № 27, "Наурыз" әмбебап базарына қарама-қарсы орналасқан стенд
2	Алатау қаласы	Жетіген шағын ауданы, Ы. Алтынсарин және Ш.Уәлиханов көшелер қиылысындағы стенд
3	Алатау қаласы	Жаңаталап шағын ауданы, Есіл көшесі, № 15, "Терең Қара"кафесінің жанындағы стенд
4	Алатау қаласы	Жаңадәуір шағын ауданы, С. Болысбаева көшесі, № 12, "Дана" дүкенінің жанындағы стенд

5	Алатау қаласы	Ынтымақ шағын ауданы, Әл-Фараби көшесі, № 72, "Дольче Фарм" ЖШС ғимаратының жанындағы стенд
6	Алатау қаласы	Қоянқұс шағын ауданы, Абай көшесі, № 2 Е, ОМ ғимаратының жанындағы стенд
7	Алатау қаласы	Құйған шағын ауданы, Қағанат көшесі, № 17, "Айжан" дүкенінің жанындағы стенд
8	Алатау қаласы	Дәулет шағын ауданы, Центральная көшесі, № 32, Қазпошта ғимаратының алдындағы стенд
9	Алатау қаласы	Заречный шағын ауданы, Дзержинский көшесі, клуб ғимаратының алдындағы стенд
10	Алатау қаласы	Заречный шағын ауданы, Мир көшесі, № 16 үйдің жанындағы стенд
11	Алатау қаласы	Заречный шағын ауданы, Дзержинский көшесі, № 5 үйдің жанындағы стенд
12	Алатау қаласы	Арна шағын ауданы, Центральная және Первомайская көшелер қиылысындағы стенд
13	Алатау қаласы	Арна шағын ауданы, Центральная және Школьная көшелер қиылысындағы стенд